



XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық салдарын салыстырмалы талдау: демографиялық аспект

Е. Ұстағалиев^a , Д. Айтмағамбетова^a 

^aЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

 yernar.ustagaliyev@gmail.com

Аңдатпа. Мақала XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ашаршылықтың тарихи және демографиялық аспектілерін зерттеуге арналған. Аталған кезеңде Қазақстанда 1921-1922 және 1931-1933 жылдары екі ірі ашаршылық орын алғаны белгілі. Екі жағдайда да аштық құрбандары болған адамдар саны миллиондап есептеледі. Аралығы он жылды құраған бұл аштықтардың демографиялық салдарына салыстырмалы талдау жасау мақаланың мақсаты ретінде алдынды. Мұрағат құжаттарын, халық санағы материалдарын және статистикалық мәліметтерді қолдану, аштық салдарына салыстырмалы талдау жасау, сондай-ақ аштық зардаптарын, залал ауқымын және олардың республика халқының өміріне тигізген әсерін демографиялық талдау әдісін қолдану зерттеу міндеттері ретінде анықталды. Нақты атап айтар болсақ, зерттеу міндеттеріне өлшемдер бойынша статистикалық мәліметтерді кезеңдер бойынша, жас ерекшелігі бойынша, орналасқан жері бойынша, сандық және пайыздық арақатынастары бойынша жүйелеу, сандар мен деректерді талдаудың салыстырмалы әдісін қолдану, XX ғасырдың қос аштықтан кейінгі демографиялық ахуалдың бейнесін құрастыру, кестелер мен статистикалық сызбаларда келтірілген сандық деректерге талдау жасау жатқызылды. Әртүрлі өлшемдер арқылы қос аштықтың статистикалық мәліметтерін салыстыра отырып жүйелеу зерттеу әдіснамасының ерекшелігі болып отыр. Зерттеу нәтижелері аштықтың демографиялық әсерін зерттеу үшін салыстырмалы талдау әдісін қолдану тақырыпты тереңірек зерттеуге ықпал ететінін көрсетті. Дегенмен, аталған мақаланы жазу барысында бірқатар қиындықтардың болды. Олардың қатарына бірқатар аймақтар мен аудандардың халық саны көрсетілмегенін, аштық жылдарынан бірнеше уақыт өткен соң жүргізілген санақ мәліметтеріндегі жалпылама көрсеткіштерді жатқызуға болады. Сондай-ақ адам шығыны деп көрсетілген мәліметтерден ішкі және сыртқы көші-қондағы үлесінің арақатынасы, жергілікті органдардың берген ақпараттарының ресми статистикалық органдармен қарама-қайшылығы, ауруға ұшырау (өлімнің аурудан немесе аштықтан болуы) мен өлім-жітімнің тіркелмеген жағдайларын анықтау секілді бірқатар қиыншылықтардың болғанын айта кеткен жөн. Жалпы зерттеу нәтижелері үш бөлімнен тұрады. Бірінші және екінші бөлімде 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихи-саяси және демографиялық аспектілері қарастырылады. Үшінші бөлімде екі аштықтың демографиялық шығындарының салыстырмалы талдау нәтижесі ұсынылды. Алынған нәтижелер бойынша ашаршылық жылдары қазақтардың республикадағы адам шығыны жағынан ең жоғары көрсеткіш көрсеткені белгілі болды. Статистикалық мәліметтерді пайдаланып, талдау арқылы алынған қорытындылар Қазақстандағы XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашар-

шылықтың неғұрлым толық демографиялық бейнесін жасау үшін эмпирикалық негіз бола алады.

Түйінді сөздер: ашаршылық; демографиялық дағдарыс; салыстырмалы талдау; халық санағы; статистикалық материалдар; халық санының динамикасы

Сілтеме жасау үшін: Ұстағалиев Е., Айтмағамбетов Д. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық салдарын салыстырмалы талдау: демографиялық аспект. *Gumilyov Journal of History*. Т.150, no.2, б. 147-172. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-147-172>

Қаржыландыру: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің "Қазақстан тарихы бойынша иллюстрацияланған өмірбаяндық энциклопедия жазу" ИРН BR24993173 тақырыбын бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша іске асырылады.

Comparative analysis of the consequences of famine in Kazakhstan in the 20-30 years of the 20th century: demographic aspect

Ye. Ustagaliyeva^a, D. Aitmagambetov^a

^aL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. This article is devoted to the study of historical and demographic aspects of famine in Kazakhstan at the beginning of the 20th century. During this period, there were two major famines in Kazakhstan in 1921-1923 and 1931-1933. In both cases, the victims of famine number in the millions. The aim of the work is a historical and comparative analysis of the demographic consequences of two famines with a difference of ten years. The comparative analysis of hunger with the use of archival documents, census materials and statistical data, as well as the application of the method of demographic analysis of the consequences of famines, the scale of damage, and their impact on the lives of the indigenous population of the republic, are defined as research tasks. In particular, the objectives of the study included the systematization of statistical data by measurement, by period, by age, by location, by quantitative and percentage ratios, the use of a comparative method of analyzing numbers and data, drawing up a picture of the demographic situation after the two famines of the 20th century, the analysis of numerical data presented in tables and statistical schemes. A feature of the research methodology is the systematization of statistical data for both cities in various dimensions and modules. The results of the study show that the use of a comparative method to study the demographic consequences of hunger contributes to an even deeper study of this topic. However, there were a number of difficulties in writing this article. These include the fact that the population of several regions and districts is not indicated, as well as general figures in censuses conducted several years after the famine years. There are some difficulties in the data designated as human losses, such as the ratio of their share in internal and external migration, the contradiction of information provided by local authorities with official statistical authorities, the identification of unregistered cases of morbidity (death from illness or starvation), and mortality. The results of the study consist of three parts. The first and second parts consider the historical, political, and demographic aspects of the famines of 1921-1923 and 1931-1933. The third part presents a comparative analysis of the demographic losses of the two famines. According to the results obtained, it turned out that during the famine years, Kazakhs showed the highest rate of human casualties in the republic. The results obtained through qualitative analysis using statistical data served as an empirical basis for compiling a more complete demographic picture of mass famine in the 20s-30s of the 20th century in Kazakhstan.

Keywords: famine; demographic crisis; comparative analysis; population censuses; statistical materials; population dynamics

For citation: Ustagaliyev Ye., Aitmagambetov D. Comparative analysis of the consequences of famine in Kazakhstan in the 20-30 years of the 20th century: demographic aspect. *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol.151, no.2, pp.147-172. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-147-172>

Funding. This scientific article was prepared within the framework of the implementation of the program BR24993173 This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Сравнительный анализ последствий голода в Казахстане в 20-30 годы XX века: демографический аспект

Е. Устагалиев^а, Д. Айтмагамбетов^а

^аЕвразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию исторических и демографических аспектов голода в Казахстане в начале XX века. В указанный период в Казахстане было два крупных голода в 1921-1923 и 1931-1933 годах. В обоих случаях жертвы голода исчисляются миллионами. Целью работы является историко-сравнительный анализ демографических последствий двух голодов с разницей в десять лет. В качестве исследовательских задач определен сравнительный анализ голода с применением архивных документов, материалов переписи населения и статистических данных, а также применение метода демографического анализа последствий голодов, масштаба ущерба и их влияние на жизнь коренного населения республики. В частности, к задачам исследования относились систематизация статистических данных по измерениям, по периодам, по возрасту, по месту нахождения, по количественным и процентным соотношениям, применение сравнительного метода анализа чисел и данных, составление картины демографической ситуации после двух голодов XX века, анализ численных данных, приведенных в таблицах и статистических схемах. Особенностью методологии исследования является систематизация статистических данных по обоим голодам по различным измерениям. Результаты исследования показывают, что применение сравнительного метода для изучения демографических последствий голода способствуют еще более глубокому изучению этой темы. Однако при написании данной статьи возник ряд трудностей. К ним можно отнести тот факт, что численность населения ряда регионов и районов не указана, а также приводятся общие показатели в переписях, проведенных через несколько лет после голодных лет. В данных, обозначенных как человеческие потери, имеется ряд трудностей, таких, как соотношение их доли во внутренней и внешней миграции, противоречие информации, предоставленной местными органами с официальными статистическими органами, выявление незарегистрированных случаев заболеваемости (смерти от болезни или голода) и смертности. Результаты исследования состоят из трех частей. В первой и во второй части рассматриваются историко-политические и демографические аспекты голода 1921-1923 и 1931-1933 годов. В третьей части представлен сравнительный анализ демографических потерь двух голодов. По полученным результатам

выяснилось, что в голодные годы казахи показали самый высокий показатель по человеческим жертвам в республике. Результаты, полученные с помощью качественного анализа с использованием статистических данных, послужили эмпирической основой для составления более полной демографической картины массового голода в 20-30 годах XX века в Казахстане.

Ключевые слова: голод; демографический кризис; сравнительный анализ; переписи населения; статистические материалы; динамика численности населения

Kіріспе

XX ғасырдың басындағы ашаршылық тақырыбы қазіргі Қазақстан тарихының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Жалпы бұл кезең Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы қазақтардың патшаға қарсы көтерілісі, Қазан төңкерісі, Азамат соғысы және аралығы он жылды құраған қос ашаршылық (1921-1922, 1931-1933) сынды қазақ қоғамындағы ірі катаклизмдерге толы болды. Салыстырмалы түрде алып қарасақ, 1921-1922 жылғы Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі (ол кезеңде РКСФР құрамындағы Қырғыз Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы) аштық тақырыбын зерттеу кейінгі жылдары қарқын ала бастаған болса, отандық тарихнамада *Ашаршылық* атауымен қабылданған 1931-1933 жылғы аштық тақырыбы өзінің ауқымды деректік базасымен және бай тарихнамалық талдау жұмыстары арқылы жан-жақты зерттелгендігімен ерекшеленеді. Бұл тақырып соңғы жылдары жеке зерттеу бағыты ретінде қалыптасып келеді, кешенді зерттеу бағытындағы жұмыстар өз нәтижелерін беріп отыр (*Голод в Казахстане 2023*; *Голод в Казахстане 1921-1923 годов 2021*). Украина ғалымдарының (*Воловина 2020*; *Рудницкий* және т.б. 2020) сол елде болған аштықтың демографиялық аспектілерін зерделеген жұмыстары бізге осы бағыттағы зерттеулер үшін белгілі бір бағдар және әдістерді ұсына алды.

Жұмыстың мақсаты – статистикалық деректерді, халық санағы материалдарын және мұрағат құжаттарын қолданып, Қазақстандағы 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың демографиялық салдарын тарихи-салыстырмалы талдау. Негізгі міндеттерге (1) нақты өлшемдер мен модульдер бойынша статистикалық мәліметтерді жүйелеу (кезеңдер бойынша, жас ерекшелігі бойынша, орналасқан жері бойынша, сандық және пайыздық арақатынастары бойынша, өлім-жітімнің себептері бойынша т.б.), яғни сипаттау арқылы талдау түрін қолданатын сандық әдіс, (2) сандар мен деректерді талдаудың салыстырмалы әдісін қолдану, (3) XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аштықтан кейінгі демографиялық жағдайдың шынайы бейнесін құрастыру үшін кестелер мен схемаларда келтірілген сандық ресурстарға сапалы талдау әдісін жүргізу жатады.

1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихи демографиясын зерттеу саласында біз осы оқиғалардың салдарының сипатын түсіндіру үшін бірнеше сұрақтарға жауап беруіміз керек, соған орай біздің зерттеу сұрақтарымыз келесідей болмақ:

– XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылықтың айырмашылықтары неде және олардың ерекшеліктері қандай?

– Қазақстандағы демографиялық дағдарыстың шынайы бейнесін анықтау үшін осы екі ашаршылықтың салдарынан халық шығынын салыстырмалы талдау әдісі бізге қалай көмектесе алады?

Ашаршылық жылдары қазақтардың адам шығыны КСРО-дағы басқа халықтар арасында пайыздық арақатынасы тұрғысынан ең жоғары болғаны туралы гипотеза бар. Осы тұста аталған тұжырымның дұрыстығына көз жеткізу үшін және жағдайды нақтылау үшін қолда бар ресурстарға салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында тарихи салыстырмалы әдіс және жүйелеу әдісі секілді тарих ғылымындағы негізгі жалпытарихи әдістер басшылыққа алынды. Мақалада деректерді талдау, модульдер бойынша ақпаратты жіктеу және жалпылау сияқты жалпығылыми әдістер қолданылды. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылықтың тарихи-демографиялық аспектілерін талдау үшін әртүрлі кезеңдер мен аймақтардың статистикалық деректеріне контент талдау әдісі қолданылды. Негізінен іріктеу (жиынтық сан) әдісі ретінде сандық тәсіл әдістемесі пайдаланылды, яғни, аймақтар мен жылдар бойынша халықарасындағы демографиялық шығындар мен кему бойынша орташа статистикалық деректерді анықтау үшін іріктеу әдісі қолданылды, сонымен қатар барлық қолда бар деректердің орташа пайызы таңдалды. Осы орайда ашыққандар бойынша анағұрлым нақты әрі толық мәліметтері бар губерниялар мен облыстардың материалдары қолданылғанын (негізінен Орал және Қостанай губернияларының мысалында), бірқатар аймақтар бойынша толық емес ақпараттар кездесетіндігін айта кеткен жөн.

Зерттеудің салыстырмалы әдісі жоғарыда аталған талдау тәсілдерімен бірге аштыққа ұшыраған аймақтардың демографиялық ерекшеліктері жөнінде белгілі бір қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы талдау әдісі бұл жұмыстағы негізгі әдіс болып табылады, өйткені түрлі өлшемдер бойынша, атап айтқанда, кезеңдер бойынша, яғни жылдар арасында, қос аштық арасында (1931-1933 жылдардағы аштықты 1921-1922 жылдардағы аштықпен), жас мөлшері бойынша (балалар, ересектер), аймақтар бойынша (республика және губерниялар бойынша), сандар мен пайыздық көрсеткіштердің арақатынасы бойынша, адам шығынының себептері бойынша (аштықтан, аурулардан, ашаршылық салдарынан т.б. болған өлім-жітім) мәліметтерге салыстыру және сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді. «Демографиялық аспект» ұғымын қолдану төңірегінде біз халық санындағы жалпы өзгерістерді салыстыру арқылы талдауды көздегенімізді атап өткен жөн.

Салыстырмалы талдау кезінде адам шығындарына неғұрлым шынайы баға беру үшін бірнеше жайттар ескерілді. Алдымен, аштықтың салдарынан болған адам шығындарын анықтау кезінде тікелей шығындарға артықшылық берілді, бұл дегеніміз, аталған тікелей адам шығыны деген ұғымға түрлі аурулардан (іш сүзегі, бөртпе т.б.), аштықтан және ашаршылықтың зардабы салдарынан (дәрменсіздік, дұрыс тамақтанбау т.б.) болған адам шығыны санаттары еніп отырғанын ескеру қажет. Өлім-жітім саны демографиялық реконструкция әдісі бойынша анықталды. Сандардағы айырмашылық пен адам шығынын бағалау аштыққа дейінгі және одан кейінгі жылдардағы орташа сандарға негізделген.

Зерттеудің негізгі материалдары Қазақстанның әртүрлі архивтерінен алынған құжаттар мен істер (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві),

сондай-ақ сол кезеңге жататын түпдеректер болды ([Статистико-экономический обзор КССР 1923](#); [Административно-территориальное деление Союза ССР 1930](#); [Сборник статистических сведений 1925](#); [Сельское хозяйство КССР в 1923 году 1924](#); [Список населенных пунктов КССР 1923](#)).

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының аймақтардағы архивтерінен, сондай-ақ Ресей Федерациясының архивтерінен жинақталған құжаттар мен материалдардың бірнеше жинақтары жарық көрді ([Ашаршылық. Голод 2021](#); [Трагедия казахского аула 2018](#); [Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане 1921-1923 гг. 2021](#); [Голод в Казахстане в начале 20-х годов XX века 2023](#)). Салыстырмалы талдау жұмыстарын жүргізу үшін 1926, 1937 және 1939 жылдардағы халық санағының материалдары пайдаланылды ([Всесоюзная перепись 1928](#); [Население Казахстана 2009](#)).

Әдеби шолу

XX ғасырдың басында орын алған ашаршылық тақырыбына қатысты алғашқылардың бірі болып қалам тартқандар Н.И. Мардаровский ([Мардаровский 1922](#)), С.А. Нейштадт ([Нейштадт 1957](#)) сынды авторлар болды. Көлемі жағынан шағын ғана «Голод в Киргизии и борьба с недородом» деп аталатын еңбекте автор аштықтың басты себептері ретінде патшалықтың отарлық саясаты мен аймақтағы халықтың сауатсыздығын көрсетті, сонымен қатар ашаршылық тек мәдениеті төмен халықтарға тән деп атап өткен. Екінші автор архив құжаттарының мәліметтерін пайдалана отырып, аштық жалмаған аймақтардағы ашыққан адамдардың санын көрсетуге тырысты. Ол алғашқылардың бірі болып Қазақстанда ашыққандардың санын 2,3 млн адам деп көрсеткен болатын. Қазақ даласындағы аштық мәселесін отандық кеңестік тарихшылар Ә.Б. Тұрсынбаев ([Тұрсынбаев 1967](#)), Г.Ф. Дахшлейгер ([Дахшлейгер 1965](#)), А.Н. Нүсіпбеков ([Нүсіпбеков 1966](#)) жазды. Дегенмен аталған авторлар тарапынан қос аштықты салыстыра отырып талдау жұмыстары жүргізілмеген.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ашаршылық тақырыбы Ж.Б. Абылхожин, М.Қ. Қозыбаев, М.Б. Тәтімов ([Абылхожин және т.б. 1989](#)), Т.О. Омарбеков ([Омарбеков 1993](#)), Н.В. Алексеенко ([Алексеенко 1999](#)), Қ.С. Алдажұманов ([Алдажұманов 2013](#)), М.Х. Асылбеков ([Асылбеков 2016](#)) секілді ғалымдардың тарапынан зерттеудің жаңа деңгейіне шықты. Б.А. Мусаевтың ([Мусаев 2006](#)) монографиясы 20-жылдардағы аштықтың әлеуметтік-саяси аспектілерін зерделеуге басымдық берген кешенді зерттеу болып табылады.

Соңғы жылдары тақырыппен жан-жақты айналысатын зерттеушілер тобы пайда болды, сонымен қатар тың мұрағат құжаттарымен жаңартылған жаңа зерттеу жұмыстары жарық көре бастады ([Капаева 2021](#); [Кудайбергенова 2023](#); [Боранбаева 2017](#); [Козыбаева 2021](#); [Смағұлова 2019](#); [Хайдаров 2021](#); [Смағұлова және т.б. 2023](#)). Бұл авторлардың мақалалары мен еңбектері аштықтың әртүрлі аспектілерін зерделеуге көмектесті. 30-жылдардағы ашаршылықтың зардаптары туралы іргелі зерттеу жұмыстары қатарында С.О. Смағұлованың ([Смағұлова 2024](#)) еңбегін атап өткен жөн.

Қазақстандағы ашаршылық тақырыбын шетелдік тарихшылар да зерттеді ([Олкотт 1981](#); [Уиткрофт 2003](#); [Огайон 2009](#); [Киндлер 2017](#); [Пианчиола 2018](#); [Ритчтер 2019](#)). Олардың жұмыстары Қазақстандағы ашаршылықты мәдени, экономикалық және саяси аспектілер тұрғысынан қарастыруымен қызықты. Америкалық тарихшы С. Камерон

(Камерон 2018) қазақ және орыс тілдеріндегі деректер мен естеліктерге сүйеніп, сонымен қатар мемлекеттік мекемелер мен коммунистік партияның құжаттарын зерделей отырып, аштықты қазақ қоғамында орнаған сталиндік тәртіптің нәтижесі деп бағалайды. Соңғы уақытта украин, қытай, қазақ және кеңестік аштықтарды салыстырмалы талдау талпыныстары бой көрсете бастады (Грациози және т.б. 2019). Дегенмен бұл авторлардың еңбектерінде екі аштықтың салдарын салыстырмалы талдау негізгі зерттеу нысаны болмағанын көруге болады.

Нәтижелер

1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың тарихи және демографиялық аспектілері

1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы аштықтың демографиялық тарихы бойынша салыстырмалы сипаттағы материалдар, сонымен қатар XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық салдарының демографиялық сипатын талдайтын еңбектердің жазыла бастағанын айта кеткен жөн. Соңғы онжылдықта көптеген жаңа архив құжаттары мен тың материалдар жинақталды, солардың негізінде аталған аштықтардың демографиялық бейнесін жасауға болады. Жұмыс нәтижелерін үш бөлікке бөлуді орынды деп таптық. Бірінші және екінші бөлімде 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихи-саяси және демографиялық аспектілері қарастырылады. Үшінші бөлімде екі аштықтың демографиялық шығындарының салыстырмалы талдау нәтижелері ұсынылды.

XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы аштық барысында ресми түрде 5 облыс (Орал, Бөкей, Қостанай, Орынбор, Ақтөбе) және 1 уез (Адай) қамтылды, ал аштықтың жалпы аумағы 2,633.300 халқы бар 1,048.100 шаршы шақырымды құрады. Сол кездегі Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Республикасының құрамындағы 7 губернияның 5-еуі аштыққа ұшыраған деп жарияланды. Аштық республиканың 20 ауданы мен 21 уезін қамтыды (Мусаев 2006: 62-63). Кеңес кезеңінде 1921-1922 жылдардағы ашаршылық фактісінің ашықтығы жағдайында да Ақмола губерниясындағы аштық туралы ақпарат айтылмаған, аштықтың бастапқы кезеңінде аталған губернияда 1 миллионнан астам тұрғыны бар халықтың жартысына жуығы аштық құрсауына іліккен болатын. Аштықтың алғашқы кезеңінің өзінде-ақ республика аумағында ашыққандардың санын көруге болады, олардың саны 2 млн адамнан асып жығылды, яғни 68%-ды құраған. Аштыққа көп ұшыраған Орал және Қостанай губерниялары болды, ондағы ашыққандарың көрсеткіші сәйкесінше 95% және 91%-ды құрады.

Аштықтың себептеріне келер болсақ, оның бірнешеуін көрсетуге болады. Қоршаған орта мен табиғи-климаттық тұрғыдан бұлар маусымдық құрғақшылықтар, астықтың шықпауы мен жұт (бұндай табиғи құбылыстар далалық аймақта әрбір 10-12 жыл сайын циклдік жүйемен қайталанып отырды); тарихи себептер тұрғысынан бұл Қазан төңкерісі мен Азамат соғысы және олардың барлық салдары; егер саяси параметрмен қарасақ, бұл большевиктер бейнесіндегі жаңа билік және олардың әскери коммунизм саясаты; және соңғысы, экономикалық тұрғыдан бұл ауыл шаруашылығын дұрыс жүргізбеу және егістік алқаптардың азаюы. Кеңестердің БОАК-нің 1921 жылғы 18 маусымдағы декретінен соң азық-түліктермен қамтамасыз ету және тарату мақсатында Ашыққандарға көмек

көрсету Орталық комиссиясы құрылды. 1921 жылдың 15 шілдесінде Қырғыз (Қазақ) АКСР жанынан ашыққандарға көмек көрсету Орталық Комитеті өз жұмысын бастады.

Аштыққа ұшырағандардың нақты санын анықтау өте қиын. Ашыққандар туралы неғұрлым толық ақпарат тек 1921 жылғы қараша айынан бастап пайда бола бастады, яғни аймақтардан түсе бастаған есептер ашыққандар бойынша мәліметтер берді (1-кесте). Өкінішке қарай, архив материалдарында жергілікті органдар мен орталық статистикалық басқарманың есептерінде ашыққандар саны бойынша айырмашылықтар бар. Сондай-ақ айлар бойынша жасалған статистикалық мәліметтердегі сандарда да айырмашылық кездеседі.

1924 жылы Орынборда «Сельское хозяйство Киргизской Советской Социалистической Республики в 1923 году по итогам сельско-хозяйственной переписи 1923 года» деп аталатын кітап жарық көрді. Бұл еңбекте 1917, 1920 және 1923 жылғы халық санағының мәліметтері берілген. Аталған деректе республикадағы адам санының айтарлықтай нақты ақпараттары көрсетілген, олар аштық салдарын сипаттауға мүмкіндік береді (2-кесте). Кестеде губерниялардағы қалалық және ауылдық тұрғындардың саны көрсетілді.

1923 жылы аштықтан кейінгі ауыл халқының саны қалалық тұрғындармен салыстырғанда айтарлықтай кеміген. Жалпы алғанда, ауыл халқы мен ауыл шаруашылығының ахуалы өте қиын болды, мемлекеттік көмек шаралары тиісті жерлеріне жетпеген, сонымен қатар медициналық мекемелер қажетті дәрі-дәрмектермен, керекті жабдықтармен қамтамасыз етілмеген, солардың салдарынан ауыл халқы қалаларға бас сауғалауға мәжбүр болды.

Статистикалық шолуда көрсетілгендей, бұл аштықтағы адам шығынының саны 693.179 адамды құраған. Егер қалалық тұрғындардың саны өзге аймақтардан немесе ауылдардан (қалаларға жетуге мұршасы барлар) келгендер есебінен 15.602 адамға немесе 6%-ға ұлғайған болса, ауыл тұрғындарының саны 31%-ға кеміген. Бұл аштықтың негізінен ауыл халқына қатты әсер еткенін көрсетеді. Сонымен қатар аталған шолудағы статистикалық мәліметтерге Ақмола мен Семей губерниялары және Адай уезі бойынша ақпараттар келтірілмеген. Егер 1920 жылы Ақмола және Семей губернияларындағы ауыл халқы 1,141.990 және 1,028.760 адамды, ал қала халқы сәйкесінше 54.693 және 101.831 құраған болса, 1922 жылы ауыл тұрғындарының саны Ақмола губерниясында 931.810 адамды, ал Семей губерниясында 1,067.836 адамды құраған. Ал қаладағы адам саны өзгермеген. Нәтижесінде екі губерния бойынша адам шығыны сәйкесінше 210.169 және 62.255 адам болды (Кудайбергенова 2023: 135).

1921-1922 жылдар аралығында ашаршылық нәтижесінде Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі халық санында болған адам шығыны бойынша қорытындылайтын болсақ, біз түрлі деректерден алынған мәліметтер арқылы бұрын толық болмаған ақтаңдақтарды толтыруды көздедік. Егер 1923 жылғы ауыл шаруашылық санақ қорытындысында аштық құрбандарының саны 693.179 адамды құраса, 1920-1922 жылдардағы тұрғындардың қозғалысы туралы статистикалық мәліметтерде адам шығыны 814.3 мың адамды құраған. 1921-1922 жылдардағы аштықтың шынайы бейнесі мен адам шығынын анықтау үшін кесте құрастырылды, ол кестеде Республикаға қарасты барлық губерниялар мен уездер енгізілді, түрлі деректердегі кестелердің ақпараттары жүйеленіп, біріздендірілді, мәліметтер 1920 жылдан 1922 жылға дейінгі кезеңдерді қамтыды. Кестелердегі сандар тексерілді, себебі кейбір деректерде қате есептелген сандар кездесті (3-кесте).

Біздің салыстырмалы есебіміз бойынша Республика аштықтан 1,105.3 мың адамнан немесе жалпы халықтың 22%-нан айырылды. Кейбіреулерде 4,781.263 адамға қатысты сұрақ туындауы мүмкін. Бұл көрсеткіш 1920 жылғы 28 тамыздағы халық санағы материалдарында республикадағы ашаршылық қарсаңындағы халық саны ретінде тіркелді. Бұл санақта Азаматтық соғыс жағдайында жалпы халықтың шамамен 70%-ы ғана қамтылғанын ескеру қажет. Сондай-ақ, бұл санаққа 240-260 мыңға жуық адам тұратын Адай және Маңғышлақ уездері сияқты өңірлердегі халық саны кірмеген.

Аштықтың салдарынан халық арасындағы адам шығынын нақты анықтау үшін 1920 жылғы халық санағы мен 1923 жылғы мәліметтер аралығындағы кезеңді қамтитын статистикалық материалдар арнайы таңдап алынды. Әдетте зерттеушілер 1926 жылғы санақ материалдарын басшылыққа алады, алайда арадағы 3 жылдағы (1923-1926) өзгерістерді де ескеру керек, өйткені 1923-1926 жылдар аралығында республика тұрғындарының арасында оң демографиялық өзгерістер болғаны белгілі. Сол себептен бұл кезеңді компенсаторлық кезеңге жатқызуға әбден болады. 1921-1922 жылдардағы аштықтан тұрғындар арасындағы адам шығынының санын анықтау үшін біз 1920 жыл мен 1923 жыл аралығындағы өзгерістер кезеңін негізге алдық. Төменде ұсынылған кестеде Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі аштықтан болған жалпы адам шығыны көрсетілген, бұл көрсеткіштер ауыл мен қала бөлінісін, сонымен қатар 1000 адамға шаққандағы есебін және губерниялар мен уездер бойынша жалпы санын көрсетеді (4-кесте).

Сандардағы ауытқушылық ықтималдылығын шамамен 7 мен 9% аралығында деп топшылаймыз, бұған ішкі және сыртқы көші-қон үлесі, жергілікті органдардың толық қамтылмаған мәліметтері, ауруға ұшырау мен өлім-жітімнің тіркелмеген жағдайлары есепке алынып отыр. Жоғарыда айтқан дәйектердің және 1921-1922 жылдардағы аштық салдарынан болған адам шығындарын жалпылама есептеудің нәтижесі бойынша қаза болған адамдардың саны 1 млн адамнан 1,2 млн адамға дейін жетуі немесе барлық тұрғындардың 22-23%-ың құрауы ықтимал деген болжам айтамыз.

Ауыл шаруашылығы санағында, сондай-ақ 1923 жылғы халық қозғалысы туралы статистикалық мәліметтерде тұрғындардың ұлттық құрамы туралы қандай да бір ақпарат ұсынылмайды, бұл ұлттық белгілер бойынша аштықтан құрбан болған адам шығынын есептеуді қиындатып отыр. Дегенмен де есептеулердің орташа көрсеткіштері аштық жылдары қазақтардың арасында адам шығынының ең жоғары болғанын көруге болады. Бұны қазақтар тығыз шоғырланған аймақтардың көбінесе далалық аудандарда орналасқандығымен, сондай-ақ олардың қалалар мен тамақтандыру пункттерінен әлдеқайда шалғай мекендерде тұрғандығымен түсіндіруге болады. Малынан айырылған көшпелілер қалалық мекендерге жете алмаған, олар жолдарда мерт болып немесе көмек шараларын күтіп өз мекендерінде қалып ажал құшқан.

Аштық болған губерниялар мен аудандардағы қазақ ұлтының үлесі орта есеппен 80%-ды құрады (1920 жылғы санақ материалдарына сәйкес қазақтар республикадағы халықтың 71,4%-ын құрады). Қазақтар шоғырланған негізгі аймақтар Ақтөбе, Орал, Бөкей губерниялары, Адай уезі мен Торғай ауданы болды. Тұрғындар арасындағы адам шығыны осы үлес салмақтың арақатынасына негіздеп алынды. Өйткені ұлттық құрам бойынша өзге сандар мен көрсеткіштер жоқ. Ауытқу деңгейі 4-6% шамасында деп қабылданды. Осы жайттарды ескеріп, қазақтардың шығыны 884.2 мың, орыстардың шығыны 165.8 мың, ал өзге ұлттардың шығыны 55.2 мың болды деген болжам жасаймыз.

Қазақ ұлтының шығыны 80%-ды құрады, бұл республика тұрғындары арасындағы өлімнің жоғары көрсеткіштерінің бірі болды (5-кесте).

1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихи және демографиялық салдары

Тарихнамада «Қазақ ашаршылығы» немесе «Ұлы жұт» деген атпен белгілі 1931-1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстанның жаңа тарихындағы қайғылы оқиғалардың бірі болды. Бұл алапат аштықтан опат болғандар саны 1,250.000 адамнан 2,5 млн адамға дейін болды деп топшыланып отыр. Кеңестік кезеңде аштық құрбандарын есептейтін арнайы шаралар ұйымдастырылмады, себебі ол тұста аштық жөнінде ресми түрде айтуға тыйым салынды. Еңбектер мен шолуларда негізінен тек аймақтардағы азық-түлік қиындықтары туралы ғана жазылды. Республикада жүзеге асырылған кең ауқымды ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны сұмдық аштыққа жол ашты. Елдің барлық аудандарын аштық жайлаған тұста да республика аумағында нан дайындау компаниялары жүріп жатты. Мал басының саны жыл өткен сайын математикалық тәртіппен азая бастады, адамдар өздерінің жанын аман сақтау үшін үй-жайларын тастап, бас сауғалап босып кетті. Жаппай аштықтың шарықтау шегі 1932-1933 жылдарға тап келді. Халық арасындағы адам шығыны мен өлім-жітім мыңдап есептелді, тұрғындардың өзге аймақтарға үдере көшуі жаппай сипат алды.

1920, 1926 және 1937 жылдардағы санақ материалдарына сүйене отырып, оқиғаның демографиялық бағасын және оның статистикалық шолуын деректерді салыстыру арқылы беруді жөн көрдік. Егер 6-кестедегі мәліметтерге көз салар болсақ, алғашқы аштық уақытынан кейінгі жылдардың (1923-1926) компенсаторлық кезең болғанын көреміз. Ашаршылық тұсында өзге аумақтарға көшіп кеткендерді елге қайтару, сонымен қатар республика аумағына орыстар мен украиндерді қоныстандыру науқандарының басталғанын білеміз. Осы кезеңде елдегі халық саны өсе бастады, демографиялық дағдарыстан біртіндеп шыға бастады. Дегенменде қазақ ұлтының табиғи өсу динамикасы мүлдем өзгеріссіз қала берді, жергілікті ұлт өкілдерінің 1920 жылы болған 3,615.1 мың адам саны дәл осы көрсеткішті 1926 жылы да қайталап отыр, алайда қазақтардың республикадағы үлесі 71,4% – дан 58,5% –ға кеміп, 6 жыл ішінде 13%–ға азайып кеткенін көрсетті. Ал осы уақыт аралығында мемлекеттегі орыстар мен өзге де ұлттардың саны сәйкесінше 318.3 және 802.6 мың адамға артқан. Көрсетілген 6 жыл ішінде (1920-1926) республикадағы қазақтардың саны бар болғаны 0,3%–ға немесе 12.5 мың адамға ғана өскенін атап өту қажет. Бұл осы уақыт кезеңінде жергілікті ұлт – қазақтардың саны өспеген, ал орыстардың саны 33%–ға, өзге ұлттардың саны 163%–ға артқандығын білдіреді.

Өз жерінде тұрып жатқан қазақ ұлтының саны кеми бастады, бұл үрдіс кейінгі кезеңдерде де сақталып отырды. Кестеде 1920 жыл мен 1937 жыл аралығындағы статистикалық мәліметтер ұсынылған. Сандардағы өзгерістер алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерден кейін болған айырмасы жазылған, яғни бағанда (+/-) алдыңғы жылдардағы санақтарда болған оң немесе теріс өзгерістер көрсетілген (1920 жылдардағы өзгерістер 1897 жылдағы көрсеткіштерден есептеледі). Егер республикадағы халықтың жалпы санының динамикасын есепке алатын болсақ, онда 17 жыл ішінде (1920-1937) халық саны бар болғаны 57 мың адамға өскенін көреміз. Осы аталған жылдар аралығында қазақтардың саны 1,433.6 мың адамға кеміген, олардың республикадағы үлес салмағы 71.4%-дан 42.6%–ға, яғни 28.8%–ға азайған.

Ашаршылықпен тікелей байланысты болған 1923 және 1937 жылдардағы қатты өзгерістерді көруге болады. Жергілікті ұлт өкілдерінің демографиялық және генетикалық

қорына орны толмас соққы жасалды. Халық санағының материалдарына сәйкес, 1921-1922 жылдары аштық салдарынан опат болған қазақтардың адам шығыны 884.2 мың адамды немесе республикадағы барлық адам шығынының 80%-ын құрады, салыстырмалы түрде 1920 жылғы өз санынан 24.5%-ға азайған. 1931-1933 жылдардағы аштық салдарынан қазақтар 1,446.1 мың адамынан айырылды, тағы да салыстырмалы түрде алар болсақ, қазақтар өздерінің 1926 жылғы санынан 40%-ға кеміген. Алайда бұл 1926 мен 1937 жылдар аралығындағы 11 жылды қамтыған деректер болатын.


Бізге жылдар бойынша халық санындағы өзгерістер динамикасын дәл анықтау үшін жыл сайынғы статистикалық материалдар қызықты болып отыр. Ресей Мемлекеттік Экономика архивіндегі материалдар бойынша 1927 жыл мен 1935 жыл аралығындағы Қазақ КСР-дегі халық санының динамикасы бойынша жыл сайынғы статистикалық мәліметтерді зерделеуге болады. Бұл архив деректерін А. Құдайбергенова жүйелеген, біз өз жұмысымызда қолданған кестеге сол жинақталған мәліметтерді беріп отырмыз (7-кесте).

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан халқының саны 1931 жылға дейін өскенін көруге болады, 1927 жылдан бергі өсімді есепке алсақ, осы аралықта республикадағы халық саны 532.8 мың адамға көбейген. Алайда 1931 жылдан 1933 жылға дейінгі аралықта қаладағы халық санының 438.3 мың адамға өскені секілді жағымды үрдістің көрінісі болғанына қарамастан, республикадағы халық саны 1,800.4 мың адамға кемігенін көруге болады. Ал егер ауылдық жерлердегі халық санының жылдар бойынша шығынын қарасақ, 1931 жылы болған 5,973.8 мың адамнан екі жылдан кейін 3,735.1 мың адам ғана қалған. Қазақстан ауыл халқының 2,238.7 мың адамынан айырылды, ал ол болса, сол 1933 жылғы халықтың 45%-ы болатын (сол жылы республикада барлығы 4,906.1 мың адам тұрған). 1926 және 1937 жылдар аралығындағы халық санындағы өзгерістер динамикасы төмендегі картада ауыл мен қала және облыстар бөлінісінде ұсынылған (1-карта). 1936 жылғы карта сол кезеңдегі әкімшілік-территориялық белгілерімен беріліп отыр. Облыстар арасындағы аумақтарды межелеулер мен қайта бөлу науқандары жиі болып тұрды, тіптен облыстардың атаулары да өзгеріп отырды.

1-карта

Card 1

1926-1937 жылдар арасындағы халық динамикасы Population dynamics between 1926 and 1937



Дерек: Қазақстанның 1936 жылғы картасы. Карта А. Құдайбергенованың материалдары негізінде жасалды (Құдайбергенова 2023: 191).

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден 1937 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша теріс сипаттағы сальдо тіркелгенін көреміз. Жаңа халық санағынан кейін ауылдық елді мекендердің тұрғындары 1,831.566 адамға кеміп қалды, бірақ қалалардағы тұрғындар санының үнемі өсуі салдарынан ол сегмент бойынша 686.831 адамға артып отыр. Соның нәтижесінде қалалардағы жағымды сальдоны есепке алғанда, республикадағы адам шығыны 1,144.725 адамды құрады. Алайда 1937 жылғы санақтың аштықтан кейін 4 жыл өткен соң ғана жүргізілгенін ескеру қажет, бұл жылдар аралығында ауыл тұрғындарының саны да айтарлықтай өскен болатын. Өлкедегі индустрияландыру үдерісіне және өнеркәсіптік орталықтарға қоныс аударушылардың көптеп келуіне байланысты тек Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында ғана жалпы өсу қарқыны жоғары болғанын көреміз. Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында демографиялық өсім сәйкесінше 15.339 және 300.073 адамды құрады. Соңғы көрсеткіш республика бойынша теріс сальдоның көрінісінде таңқаларлық жайт болды.

Егер XX ғасырдың 30-жылдарының қарсаңында қазақтар қалалық тұрғындардың шамамен 8-9%-ын құрағанын ескерсек, онда 90%-дан астамы ауылдық жерлерде тұрғанын көруге болады. Опат болған 1,831.6 мың ауыл мен деревня тұрғындарының ішінде қазақтардың адам шығыны шамамен 1,380.0 мыңнан 1,557.0 мың адам аралығында болған немесе есептеулердегі ауытқу деңгейі 8-10%-ды құрауы мүмкін деген ықтималдылықты алар болсақ, шамамен қазақтардың үлесі 80% деңгейінде болды деп топшылаймыз. Бұл есептеулер 1937 жылғы халық санағының нәтижелеріне негізделіп отыр. Біз халық санақтары ішінде анағұрлым объективті әрі аштықтың болған кезеңіне неғұрлым жақын уақыт ретінде осы 1937 жылғы «қудаланған санақ» материалдарын алып отырмыз (Тольц 1989). Алайда ашаршылық салдарынан опат болған адамдардың санын анағұрлым дәл анықтау үшін әдетте демографтар есепке алатын 11 (1937 жылғы санақ) немесе 13 жылдық (1939 жылғы санақ) уақыт аралығын емес, біздің тараптан көрсетілген 1921-1923 жылдардағы аштықтағы адам шығынан есептегендей, 1930 және 1933 жылдар аралығындағы демографиялық өзгерістерді есепке алған жөн деп санаймыз.

Егер біз халық санағының деректері немес, жыл сайынғы статистикалық материалдарға (7-кесте) назар аударатын болсақ, онда халық санының азаюы бойынша біз сәл өзгеше сандарды байқай аламыз. Жоғарыда көрсеткеніміздей, 1931 жылы ашаршылықтың басталар қарсаңында республикада 6,706.5 мың адам өмір сүрген, олардың 5,973.8 мыңы немесе тұрғындардың 89,1%-ы ауылдық жерлерде тұрған. Аштық жалмаған 2 жыл өткен соң 1933 жылы республикада бар-жоғы 4,906.1 мың адам қалған, ал ауылдар мен селоларда теріс сальдо 2,238.7 мың адамды көрсеткен (яғни осы санға азайған). Алайда республика көлеміндегі жалпы адам шығыны 1,800.4 мың адамды құрады, бұл жерде жағымды сальдо берген 438.3 мың адамды еске алған дұрыс, олар қала халқын ауылдар мен селолардан келгендер есебінен толықтырған жоқ, олар аймаққа индустрияландыру жылдары өзге республикалардан келгендер есебінен көбейген болатын. Ал бізге өлкеде аштықтан опат болған адамдардың санын білу маңызды болғандықтан, аштықтың салдарына тікелей байланысты ауылдық жерлердегі адам санының азаюы көрсеткішін есепке алдық.

Өткен ғасырдың 30-жылдарының басында қазақтардың ауылдық елді мекендердегі тұрғындардың 90%-ын құрады деп есептесек, барлық ауылдық аймақтарда опат

болған 2,238.7 мың адамның ішіндегі қазақтардың үлесі 10 пайыздық ауытқушылықты есепке алғанда 80%-ды немесе 1,680.0 мыңнан 1,9 млн адамға дейінгі мөлшерде болды деп есептейміз. Сол себептен қазақ ұлтының адам шығынын тікелей шығын ретінде 1,790.0 мың адам болды деген санды алып отырмыз (тікелей адам шығыны деп аштық салдарынан аурулардан болған өлім-жітімді, аштықтан болған адам шығынын, өзге аймақтарға көшіп кету нәтижесінде өлкедегі адам санының азаюын айтамыз). Республикадағы басқа ұлттардың шығындарының саны шамамен 448.7 мың адамды немесе 20%-ды құрады. Бұл есептеулер жыл сайынғы экономикалық статистикалық материалдарға негізделіп шығарылғанын еске саламыз.

Қос аштықтың демографиялық шығындарын салыстырмалы талдау

Салыстырмалы талдау әдісін қолдану арқылы біз 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы аштықтың демографиялық салдары туралы толығырақ ақпарат ала аламыз. Төмендегі кестеде бірнеше өлшем бойынша екі аштықтың жағымды және жағымсыз өзгерістері көрсетілген (8-кесте). Біріншіден, 1931-1933 жылдардағы тікелей адам шығынының саны 20-шы жылдардағы аштықпен салыстырғанда 63%-ға көп, яғни аштық құрбандары 695.1 мың адамға көп. Егер халықтың жалпы саны 5,063.0 мың адам болған 1921-1922 жылдардағы ашаршылықта адам шығынының пайызы 22%-ды құраған болса, халықтың жалпы саны 5,973.8 мың адам болған 1931-1933 жылдардағы аштық кезінде опат болған адам шығыны 30%-ды көрсетті.

Біз адам шығындарын есептеу үшін ашаршылыққа дейінгі және одан кейінгі кезеңдерді таңдағанымызды тағы да еске саламыз, яғни егер бұл 1921-1922 жылдардағы аштықтың демографиялық салдарын анықтау мәселесі болса, бұл жерде 1920 және 1923 жылдардағы санақтар мен басқа да статистикалық материалдардың деректері пайдаланылғанын білдіреді. Сол секілді 30-жылдардағы ашаршылық кезінде опат болғандардың санын есептеу үшін 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басындағы түрлі материалдар қолданылғанын айта кеткен жөн.

Екіншіден, ауылдардағы және қалалардағы адам шығынының айырмашылығы үлкен болды. Бұл екі алапат ашаршылықтарда да ауылдық елді мекендердегі шығындар өте көп болды. Ауыл тұрғындары арасындағы адам шығындары миллиондап есептеледі, ал қалалардағы жағдай бойынша оң өзгерістер орын алды. Егер 20-жылдардағы аштықты алар болсақ, көп жағдайда қалаға жете алған адамдар санының нәтижесінде қала тұрғындарының саны 15.5 мың адамға ұлғайған. Ал 30-жылдардағы қалалардағы оң сальдоның пайда болуына қатысты көрсеткіштерді айтар болсақ, 438.3 мың адам негізінен индустрияландыру жүріп жатқан қалалардағы жұмыстар үшін Ресейдің ішкі аймақтарынан шақырылғандар болатын. Ауыл тұрғындарының 1931-1933 жылдардағы аштықтағы адам шығыны 20-жылдардағы көрсеткіштен екі есеге асып түсті (сәйкесінше, 1,120.8 млн және 2,238.7 млн адам).

Үшіншіден, екі жағдайда да 1000 адамға шаққандағы адам шығыны 200 адамнан асты, сәйкесінше, 218 және 268 адамды көрсетті. Егер алғашқы аштық тұсында ауылда әр мың адамнан 240 адам опат болған болса, екінші ашаршылық кезінде бұл көрсеткіш 333 адамға жетті, яғни 38%-ға артық болған (аштықтан әрбір үшінші адам опат болған). Адам шығынының ұлттар бойынша айырмашылығы екі аштықта әртүрлі болып келеді. Қазақтар жергілікті ұлт әрі ауылдық жерлердің негізгі тұрғындары ретінде

қос ашаршылықта да басты құрбандарға айналды. Олардың өзге ұлттардың ішіндегі республика бойынша адам шығыны ең жоғары болды.

Статистикалық деректер мәліметтері мен авторлар қолданған демографиялық шығындар және ұлттық құрам бойынша адам шығынының орташа статистикалық есебін анықтау үшін іріктеу тәсілі ретінде сандық әдістің нәтижелері (жиынтық саны) көрсеткендей қазақтар екі жағдайда да барлық халықтар арасында өз этносының көп бөлігін жоғалтты, бұл барлық шығындардың 80%-ы болатын. Егер 1921-1922 жылдары орыстардың адам шығыны 15%-ды құраса, республикадағы қалған ұлттардың азаю деңгейі 5% болды. Сол секілді 1931-1933 жылдардағы Ашаршылық нәтижесінде елдегі орыстар 12%-ға, басқа ұлттар 8%-ға қысқарды. Қорыта келгенде, қазақ этносы екі ашаршылық нәтижесінде 2,674.2 мың адамын жоғалтты, ал орыстар мен қалған ұлттардың шығыны сәйкесінше 435.0 мың және 234.7 мың адам болды.

Талқылау

Әлбетте, осы мақала авторларының беріп отырған адам шығынының көрсеткіштері өзге авторлармен сәйкес келмеуі мүмкін. Ғалымдардың көпшілігі екі ашаршылықтың тек біріне қатысты өз зерттеулері шегінде ғана сандарды келтіреді. Мәселен, 1921-1922 жылдардағы аштыққа қатысты Р. Киндлер адам шығыны 500 мыңға жуық десе ([Киндлер 2017: 77](#)), демограф Н.В. Алексеенко өз зерттеулерінде опат болғандар саны 648,7 мың адам болса, олардың ішінде қазақтар 414 мың адамды құраған деген қорытындыға келген ([Алексеенко](#) және т.б. 1999: 46). Ал С. Камерон 30-жылдардағы аштықтан елде 1,5 млн адамның ([Камерон 2018: 144](#)), ал Дэвис пен Уиткрофт 1,9 млн адамның опат болғанын жазды ([Дэвис](#) және т.б. 2011: 420). Отандық ғалым А. Кудайбергенова аштық құрбандарының саны 1,3 млн болғанын жазады ([Кудайбергенова 2023: 203](#)). 1992 жылғы комиссия қорытындысында ұжымдастырудың салдарына айналған ашаршылықта республикадағы халықтың 2 млн 200 мыңы немесе қазақ ұлтының 49%-ы қаза тапқаны айтылады (Егемен Қазақстан 1992: 1-3). Демограф ғалымдар М. Тәтімов, М.–А.Х. Асылбеков өз зерттеулерінде 1931-1933 жылдардағы ашаршылықта 2,5 млн адамның ([Асылбеков 2016: 27](#)), оның ішінде 2,3 млн қазақтың қайтыс болғанын жазады ([Тәтімов 1992: 133](#)). Сұлтан Хан Аккұлы аштық 4 млн адамның өмірін жалмағанын айтады ([Аккұлы 2017: 40–44](#)).

Мақаланы жазу барысында бірқатар қиындықтардың болғанын айта кеткен жөн. Ол ең алдымен ашыққандар бойынша анағұрлым толық әрі нақты мәліметтердің кездесе бермейтіндігі дер едік. Егер 1921-1922 жылдардағы ашаршылық бойынша санақтар мен шолу мәліметтерінде бірқатар аймақтар мен аудандардың халық саны көрсетілмеген болса, 1931-1933 жылдардағы аштық құрбандарының санына қатысты ресми ақпараттар тек 1937 және 1939 жылғы санақтардың мәліметтері бойынша келтіріледі. Яғни адам шығыны аралықтағы 4-6 жылдық мерзімдегі өзгерістермен қоса есептеледі. Тағы бір айта кететін жайт, ол адам шығыны деп алынып отырған жағдайлардың өзіндік ерекшеліктерінің нақтыланбауында, яғни шығынның ішкі және сыртқы көші-қонындағы үлесі (қаншасы кетіп, қаншасы сол аймақта опат болды), жергілікті органдардың толық қамтылмаған мәліметтері (сәйкестендірудің қиындығы), ауруға ұшырау (өлімнің аурудан немесе аштықтан болуы) мен өлім-жітімнің тіркелмеген

жағдайлары (әсіресе, сәбилердің өлімі). Осы аталған бағыттар толық қамтылған кезде ғана тақырып аясындағы зерттеулердің жаңа деңгейге шығатыны күмән туғызбайды.

Қорытынды

1921-1922 жылдардағы аштық және қазақ тарихнамасында *Ашаршылық* деген атпен белгілі 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық Қазақстан тарихында өшпес із қалдырды. Бұл екі ашаршылықтың өзіндік ерекшеліктері бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Демографиялық шығындарға келсек, мақала авторларының есебі бойынша адам шығыны сәйкесінше 1,105.300 және 2,238.700 болды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылықтың айырмашылықтары мен сипаты жағынан өзіндік ерекшеліктері қандай? 1921-1922 жылдардағы аштық пен 1931-1933 жылдардағы Ашаршылықтың өзіндік ерекшеліктері болды, (1) 1921-1922 жылдардағы ашаршылық 1916-1920 жылдар аралығында соғыстар, революциялар және басқа да саяси оқиғалардан туындаған бірқатар әлеуметтік апаттардан кейін болды, ал 1931-1933 жылдардағы ашаршылық бейбіт уақытта болды; (2) егер 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан республиканың солтүстік-батыс өңірлері ең көп зардап шеккен болса, *Ашаршылық* кезеңінде елдің бүкіл аумағы зардап шекті; (3) екеуінде де ашаршылық ауыл тұрғындарына қатты әсер етті; (4) екі аштықтың да шарықтаған кезеңдері болды, бұл 1922 жылдың көктем-жазы және 1933 жылдың қыс-көктемі; (5) жаппай Ашаршылықтан болған шығын 1921-1922 жылдардағы аштықтан екі есе жоғары болды; (6) 1921-1922 жылдардағы ашаршылық кезінде ашыққан адамдар үкіметтен және кейбір шетелдік ұйымдардан азық-түлік көмегін алды, ал *Ашаршылық* кезінде сырттан көмек болған жоқ, большевиктер ашаршылық туралы айтуға тыйым салды, олар тек елдегі «азық-түлік қиыншылығы» деген сипаттау сөзбен ғана шектелді.

Ашаршылық кезеңінде КСРО-дағы басқа халықтар арасында қазақтардың адам шығыны пайыздық жағынан ең жоғары болды деген гипотезаның растығына көз жеткізуге болады. Деректерге жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері көрсеткендей, қазақтардың тек республикада ғана емес, бүкіл Одақ бойынша адам шығындарының үлкен пайызы украиндармен, орыстармен және башқұрттармен қатар болғанын және қазақ ұлтының республика мен Одақ бойынша нақты санына шаққандағы шығындарының арақатынасы бойынша көшбасшы болғанын дәлелдейді. Қалған этностар арасындағы адам шығынының санын дәл анықтау және осы адам шығындарын салыстырмалы зерттеу үшін осы бағытта кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу керек.

Acknowledgements

The authors express their gratitude to the editorial team and reviewers for their scholarly support of the article, as well as for their timely and constructive feedback.

Алғыс

Редакцияға және рецензенттерге ғылыми сүйемелдеу жасағаны, сонымен қатар орынды да пайдалы кері байланыстары үшін алғысымызды білдіреміз.

Благодарности

Авторы выражают благодарность редакции и рецензентам за научное сопровождение статьи, а также за своевременные и полезные замечания, внесённые в рамках обратной связи.

Қосымша

1-кесте.

Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі жергілікті органдардың мәліметтері бойынша аштыққа ұшырағандар саны (1921 жылдың желтоқсанынан 1922 жылдың мамырына дейінгі аралық)

Table 1.

The number of hungry people according to local authorities of the Kyrgyz (Kazakh) ASSR (the period from December 1921 to May 1922)

Губерниялар	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Орынбор	444.786	351.166	437.776	524.170	515.118	495.064
Орал	400.900	328.816	277.835	370.000	378.818	292.098
Қостанай	254.900	283.749	87.494	337.000	354.350	294.350
Ақтөбе	359.325	361.051	359.326	252.514	361.049	234 580
Бөкей	100.000	100.000	100.000	77.059	66.265	66.265
Ақмола	-	100.670	92.000	100.670	472.000	472.000
Елек уезі	-	-	-	-	86.720	91.855
Адай уезі	75.000	75.000	75.000	75.000	-	-
Торғай ауданы	-	-	-	-	60.000	75.000
Барлығы	1,634.911	1,600.452	1,429.431	1,736.413	2,303.320	2,071.222

Дерек: Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. 139-қ., 1-тіз., 211-іс, 24-п. Голод и борьба с ним в КССР.

2-кесте.

Қала мен ауылдағы халық санының статистикасы (1920 және 1923 жылдар аралығы)

Table 2.

Urban and rural population statistics (from 1920 to 1923)

Губерния	Халық саны								
	Қала халқы			Ауыл халқы			Барлығы		
	1920	1923	Айырм.	1920	1923	Айырм.	1920	1923	Айырм.
Орынбор	134.750	139.986	+5.236	627.140	424.615	-202.525	761.890	564.601	-197.289
Қостанай	20.120	20.785	+665	424.340	280.679	-143.661	444.460	301.464	-142.996
Ақтөбе	23.710	31.457	+7.747	430.750	271.392	-159.358	454.460	302.849	-151.611
Орал	54.400	51.019	- 3.381	459.440	309.039	-150.401	513.840	360.058	-153.782
Бөкей	3.960	9.172	+5.212	226.280	206.961	-19.319	230.240	216.133	-14.107
Торғай ауданы	730	853	+123	91.080	57.563	-33.517	91.810	58.416	-33.394
Барлығы	237.670	253.272	+15.602	2,259.030	1,550.249	-708.781	2,496.700	1,803.521	-693.179

Дерек: «Сельское хозяйство Киргизской Советской Социалистической Республики в 1923 году по итогам сельскохозяйственной переписи 1923 г.» кітабы.

3-кесте.
1920 және 1922 жылдардағы Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі халық саны
Table 3.
Population of the Kyrgyz (Kazakh) ASSR in 1920 and 1922

Губерниялар, уездер/аудандар	Қала/ауыл	1920	1922	+ / -	Адам шығынының %
Орал губерниясы	қала	54.4	51.0	-3.4	-6%
	ауыл	459.4	309.0	-150.4	-33%
	барлығы	513.8	360.0	-153.8	-30%
Қостанай губерниясы	қала	20.1	20.8	+0.7	+3
	ауыл	424.3	280.6	-143.7	34%
	барлығы	444.4	301.4	-143.0	-32%
Ақтөбе губерниясы	қала	23.7	31.4	+7.7	32%
	ауыл	430.7	271.4	-159.3	-37%
	барлығы	454.4	302.8	-151.6	-33%
Орынбор губерниясы	қала	134.7	140.0	+5.3	+4%
	ауыл	627.1	424.6	-202.5	-32%
	барлығы	761.8	564.6	-197.2	-26%
Ақмола губерниясы	қала	54.7	54.6	-0.1	-0,01%
	ауыл	1,141.9	931.8	-210.1	-18%
	барлығы	1,196.6	986.4	-210.2	-17,5%
Семей губерниясы	қала	101.3	101.3	0	0%
	ауыл	1,028.7	966.5	-62.2	-6%
	барлығы	1,130.0	1,067.8	-62.2	-5,5%
Бөкей губерниясы	қала	4.0	9.2	+5.2	+130%
	ауыл	226.3	207.0	-19.3	-8.5%
	барлығы	230.3	216.2	-14.1	-6%
Торғай ауданы	қала	0.7	0.8	+0.1	+14%
	ауыл	91.0	57.5	-33.5	-37%
	барлығы	91.7	58.4	-33.3	-36%
Адай уезі	барлығы	240.0	100.2	-139.8	-58%
Республика бойынша	қала	393.6	409.1	+15.5	+4%
	барлығы	4,669.4	3,548.6	-1,120.8	-24%
	барлығы	5,063.0	3,957.7	-1,105.3	-22%

Дерек: кесте «Сельское хозяйство Киргизской Советской Социалистической Республики в 1923 году по итогам сельскохозяйственной переписи 1923 года», «Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 года» және «Список населенных пунктов КССР за 1923 год» материалдарының негізінде құрастырылды.

4-кесте.
1921-1922 жылдардағы Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі ашаршылық нәтижесіндегі
губерниялар мен қала-ауыл халқының шығыны

Table 4.
Losses of provinces and urban-rural populations as a result of famine
in the Kyrgyz (Kazakh) ASSR in 1921-1922

Барлығы	Қала	Ауыл	Барлығы	Қала	Ауыл	
	1000 адам			1000 адамға шаққанда		
Қазақ АКСР	1,105.3	+15.5	1,120.8	218	+39	240
Орал	153.8	3.4	150.4	299	63	327
Қостанай	143.0	+0.7	143.7	321	+34	338
Ақтөбе	151.6	+7.7	159.3	333	+32	369
Орынбор	197.2	+5.3	202.5	258	+3	322
Ақмола	210.2	0.1	210.1	175	2	183
Семей	62.2	0	62.2	55	0	55
Бөкей	14.1	+5.2	19.3	61	+1300	85
Торғай	33.3	+0.1	33.5	363	+14	368
Адай	139.8	0	139.8	582	0	582

Дерек: кесте халық арасында жүргізілген ауыл шаруашылығы санағының деректері, халықтың қозғалысы туралы статистикалық мәліметтердің шолуы мен жинақтары, сондай-ақ мұрағат құжаттарының деректері негізінде жасалды.

5-кесте.
1920 жылдан 1926 жылға дейінгі аралықтағы Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі халық саны
Table 5.

Population of the Kyrgyz (Kazakh) ASSR from 1920 to 1926

ҚАКСР	Ұлттық құрамы бойынша				Тұрғылықты жері бойынша		
	Барлығы	Қазақтар	Орыстар	Басқалар	Қала	Ауыл	Барлығы
1920	5,063.0	3,615.1 (71,4%)	956.8 (18,9%)	491.1 (9,7%)	393.6 (7,7%)	4,669.4 (92,3)	5,063.0 (100%)
1923	3,957.7	2,730.9 (69%)	791.0 (20%)	435.9 (11%)	409.1 (10,3%)	3,548.6 (89,7%)	3,957.7 (100%)
1926	6,196.4	3,627.6 (58,5%)	1,275.1 (20,5%)	1,293.7 (20,8%)	539.0 (8,7%)	5,657.4 (91,3%)	6,196.4 (100%)

Дерек: кесте 1920, 1926 жылдардағы халық санағы және 1923 жылғы ауыл шаруашылық санағы негізінде құрастырылған.

6-кесте.

1920 жылдан 1937 жылға дейінгі аралықта республикадағы халық санының өзгеруі

Table 6.

Population change in the Republic from 1920 to 1937

ҚАКСР	Ұлттық құрам бойынша							
	Барлығы	+/-	Қазақтар	+/-	Орыстар	+/-	Басқалар	+/-
1920*	5,063.0	+915.2	3,615.1 (71,4%)	+222.3	956.8 (18,9%)	+502.4	491.1 (9,7%)	+190.5
1923	3,957.7	-1,105.3	2,730.9 (69%)	-884.2	791.0 (20%)	-165.8	435.9 (11%)	-55.2
1926	6,196.4	+2,238.7	3,627.6 (58,5%)	+896.7	1,275.1 (20,5%)	+484.1	1,293.7 (20,8%)	+857.8
1937	5,120.0	-1,076.4	2,181.5 (42,6%)	-1,446.1	1,917.6 (34,7%)	+642.5	1,020.9 (19,9%)	-272.8

Дерек: кесте 1920, 1926 және 1937 жылдардағы халық санағы және 1923 жылғы ауыл шаруашылық санағы негізінде құрастырылған.

*бұл бағанда 1897 жылғы санақтан кейінгі өзгерістер көрсетілген.

7-кесте.

Қазақ КСР-де 1927-1935 жылдар аралығындағы халық санының динамикасы

Table 7.

Population dynamics of the Kazakh SSR between 1927-1935

Жылдар	Ауыл халқы		Қала халқы		Барлығы	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
1927	5,690.2	92.2	483.5	7.8	6,173.7	100
1928	5,823.7	91.9	510.8	8.1	6,334.5	100
1929	5,906.7	91.5	549.5	8.5	6,456.2	100
1930	6,086.7	91.0	601.4	9.0	6,688.2	100
1931	5,973.8	89.1	732.7	10.9	6,706.5	100
1932	4,805.6	81.8	1,072.1	18.2	5,877.7	100
1933	3,735.1	76.1	1,171.0	23.9	4,906.1	100
1934	4,805.6	75,0	1,311.6	25.0	5,239.5	100
1935	4,212.4	74.5	1,437.6	25.5	5,650.0	100
Өсім	-1,477.8	-17.7	+2.9 есе	+3.2 есе		

Дерек: Кудайбергенованың (2023) еңбегі: 190-бетте.

8-кесте.

Қазақ Республикасында болған ашаршылықтар бойынша салыстырмалы мәліметтер

Table 8.

Comparative data on famines in the Kazakh Republic

	1921-1922	1931-1933	Адам шығынындағы айырмашылық	Адам шығынындағы пайыздық айырмашылық
1000 адам бірлігінде				
Барлығы	1,105.3	1,800.4	695.1	63%
Қала	+15.5	+438.3	422.8	2728%
Ауыл	1,120.8	2,238.7	1,117.9	99%
1000 адамға шаққанда				
Барлығы	218	268	50	23%
Қала	+39	+598	+559	1433%
Ауыл	240	333	93	38%

Дерек: кестені құрастыру үшін 1923 жылғы халық қозғалысы туралы статистикалық мәліметтер жинағы, 1923 жылғы ауыл шаруашылығы санағының материалдары, 1926 және 1937 жылдардағы халық санағы, сондай-ақ А.И. Құдайбергенованың (2023) кітабынан алынған материалдар пайдаланылды.

Қосымша

1. Голод и борьба с ним в КССР. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА). 139-қ. 1-т. 211-іс. 21-29-пп.

Әдебиеттер тізімі

- Cameron S. *The hungry steppe: famine, violence, and the making of Soviet Kazakhstan*. New York: Cornell University Press. 2018. 277 p.
- Graziosi A. and Sysyn F. *Communism and Hunger: The Ukrainian, Chinese, Kazakh, and Soviet Famines in Comparative Perspective*. East/West: Journal of Ukrainian Studies. 2019. Vol.6, no.1, pp. 187–191. <https://doi.org/10.21226/ewjus485>
- Olcott M. *The Collectivization Drive in Kazakhstan*. Russian Review. 1981. Vol.40, no.2, pp. 122–142.
- Pianciola N. *Ukraine and Kazakhstan: Comparing the Famines*. Contemporary European History. 2018. Vol.27, no.3, pp. 440–444. <https://doi:10.1017/S0960777318000309>
- Richter J. *Famine, Memory, and Politics in the Post-Soviet Space: Contrasting Echoes of Collectivization in Ukraine and Kazakhstan*. Nationalities Papers. 2019. Vol.48, no.3, pp.476–491. <https://doi:10.1017/nps.2019.17>
- Rudnytskyi O., Kulchytskyi S., Gladun O., Kulyk N. *The 1921-1923 Famine and the Holodomor of 1932-*

- 1933 in Ukraine: Common and Distinctive Features. Nationalities Papers. 2020. Vol.48, no.3, pp. 549–568. <https://doi:10.1017/nps.2019.81>
- Wheatcroft S. *The Soviet Famine of 1931-33: Politically Motivated or Ecological Disaster?* In: Report at the Center of European & Eurasian Studies at the University of California, Los Angeles on May 5, 2003. <https://www.international.ucla.edu/asia/article/3838> Date of request: 04.11.2024.
- Wolowyna O. *A Demographic Framework for the 1932-1934 Famine in the Soviet Union*. Journal of Genocide Research. 2020. Vol.23, no.4, pp.501–526. <https://doi.org/10.1080/14623528.2020.1834741>
- Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. *Казахстанская трагедия. Вопросы истории*. 1989. No.7, с.85–102.
- Административно-территориальное деление Союза ССР. Москва: Издательство Народного комиссариата внутренних дел. 1930. 80 с.
- Аққұлұлы Ж. *The famine of 1932-1933 exterminated 70% of kazakhs, decreasing the population from 7.2 million to 2!* Мына жинақта: «Алаш тағылымы және Тәуелсіздік»: Сборник материалов региональной научно-практической конференции, октябрь 2017. Қостанай. 2017. 40-44-бб.
- Алдажуманов К.С. *К истории голода 1931-1933 годов в Казахстане. Трагедия казахского аула, 1928-1934 гг.* Сборник документов. Т.1. Алматы: Раритет, 2013. 744 с.
- Алексеев Н.В., Алексеев А.Н. *Население Казахстана за 100 лет (1897-1997 гг.)*. Усть-Каменогорск. 1999. 158 с.
- Асылбеков М.Х. *Социально-демографическое развитие населения Казахстана в 1926-1939 гг.* Алматы: Қазақ университеті. 2016. 146 с.
- Ашаршылық. *Голод. 1928-1934. Документальная хроника*. Сборник документов. В 10-ти томах. Нур-Султан: Фолиант. Алматы: Керемет медиа. 2021-2023.
- Боранбаева Б.С. *Бөкей губерниясындағы 1920-1922 жылдардағы аштық. Отан тарихы*. 2017. Vol.3, no.79, 22–28 бб.
- Всесоюзная перепись населения 1926 г. *Окончательные итоги*. Том XXV. Казахская АССР. Москва, Издание ЦСУ Союза ССР. 1928. 162 с.
- Голод в Казахстане в начале 20-х годов XX века и его последствия. Сборник архивных документов и материалов. Алматы. 2023. 504 с.
- Голод в Казахстане 1921-1923 годов. Сборник документов и материалов. В 2-х томах. Алматы: Алматы-Болашақ. 2021.
- Дахшлейгер Г.Ф. *Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.)*. Алма-Ата: Наука. 1965. 535 с.
- Дэвис Р., Уиткрофт С. *Годы голода. Сельское хозяйство СССР. 1931-1933*. Москва: РОССПЭН. 2011. 543 с.
- Капаева А.Н. *Продовольственная политика Советской власти в Казахстане в условиях «Военного коммунизма»*. Отан тарихы. 2021. Vol.4, no.96, с.117–125.
- Киндлер Р. *Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане*. Москва: Политическая энциклопедия. 2017. 382 с.
- Козыбаева М.М., Кудайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. *Голод 1921–1922 годов в Казахстане и его последствия (на основе материалов Северного Казахстана)*. Отан тарихы. 2021. Vol.4, no.96, с. 149–157.
- Кудайбергенова А.И. *Қазақстанның XX ғасырдың 20-40 жылдардағы демографиялық тарихы*.

- Алматы: Радуга. 2023. 320 б.
- Мардаровский Н.И. Голод в Киргизии и борьба с недородом. Оренбург: Кирглавполитпросвет. 1922. 28 с.
- Мусаев Б.А. Голод в 1921-1922 годах в Казахстане и ликвидация его последствий. Актобе: Принт А. 2006. 190 с.
- Население Казахстана по Всесоюзной переписи населения 1939 г. Том 1. Алматы: Арыс. 2009. 400 с.
- Нейштадт С.А. Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР в 1917–1937 гг. Алматы: КазГиз. 1957. 378 с.
- Нусупбеков А. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане (1917-1940 гг.). Алма-Ата: Наука. 1966. 243 с.
- Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 гг.). Алматы: Санат. 2009. 368 с.
- Омарбеков Т.О., Койгелдиев М.Қ. Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі. 1993. 300 б.
- Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. (Таблицы). Оренбург: 5-я Гос. тип. Оренполиграфия. 1925. 51 с.
- Сельское хозяйство Киргизской Советской Социалистической Республики в 1923 г. по итогам с.-х. переписи 1923 г. Вып. 1. Западная Киргизия. Оренбург: Паровая тип. Губсоюза. 1924. 143 с.
- Смагулова С.О. Ашаршылық қасіреті. Монография. Алматы. 2019. 272 б.
- Смагулова С.О., Сайлаубай Е.Е., Маслов Х.Б. Қазақ ауылындағы аштық және оған бейімделу тәжірибесі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы. Тарих ғылымдары. Философия. Дінтану сериясы. 2023. Vol.145, no.4, 160–177 бб. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-160-177>
- Смағұлова С.О. Зұлмат жылдар зардабы (1931-1933 жж.). Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасы. 2024. 253 б.
- Список населенных пунктов КССР (губернии: Актюбинская, Адаевский район, Букеевская, Кустанайская, Оренбургская и Тургайский район). Оренбург. 1923. 133 с.
- Статистико-экономический обзор Киргизской Советской Социалистической Республики. Оренбург: ЦСУ КССР. 1923. 182 с.
- Тәтімов М.Б. Халықнама немесе Сан мен Сана: Демографтың ой толғаныстары. Алматы: Жазушы. 1992. 184 б.
- Тольц М. Репрессированная перепись 1937 года. Родина. 1989. No.11, с.56–61. <https://www.researchgate.net/publication/343576848> Дата обращения: 07.10.2024.
- Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов. Т.2. Алматы: Раритет. 2018. 744 с.
- Турсунбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. Алма-Ата: Казахстан. 1967. 483 с.
- Хайдаров Е.Е. Орал губерниясындағы аштық (1921-1922). Отан тарихы. 2021. Vol.4, no.96, 157–166 бб.

References

- Cameron S. *The hungry steppe: famine, violence, and the making of Soviet Kazakhstan*. New York: Cornell University Press. 2018. 277 p. (in English)
- Graziosi A. and Sysyn F. *Communism and Hunger: The Ukrainian, Chinese, Kazakh, and Soviet Famines*

- in *Comparative Perspective*. East/West: Journal of Ukrainian Studies. 2019. Vol.6, no.1, pp.187–191. <https://doi.org/10.21226/ewjus485> (in English)
- Olcott M. *The Collectivization Drive in Kazakhstan*. Russian Review. 1981. Vol.40, no.2, pp.122–142. (in English)
- Pianciola N. *Ukraine and Kazakhstan: Comparing the Famines*. *Contemporary European History*. 2018. Vol.27, no.3, pp.440–444. <https://doi.org/10.1017/S0960777318000309> (in English)
- Richter J. *Famine, Memory, and Politics in the Post-Soviet Space: Contrasting Echoes of Collectivization in Ukraine and Kazakhstan*. Nationalities Papers. 2019. Vol.48, no.3, pp.476–491. <https://doi.org/10.1017/nps.2019.17> (in English)
- Rudnytskyi O., Kulchytskyi S., Gladun O., Kulyk N. *The 1921-1923 Famine and the Holodomor of 1932–1933 in Ukraine: Common and Distinctive Features*. Nationalities Papers. 2020. Vol.48, no.3, pp.549–568. <https://doi.org/10.1017/nps.2019.81> (in English)
- Wheatcroft S. *The Soviet Famine of 1931-33: Politically Motivated or Ecological Disaster?* In: Report at the Center of European & Eurasian Studies at the University of California, Los Angeles on May 5, 2003. <https://www.international.ucla.edu/asia/article/3838> Date of request: 04.11.2024. (in English)
- Wolowyna O. *A Demographic Framework for the 1932–1934 Famine in the Soviet Union*. Journal of Genocide Research. 2020. Vol.23, no.4, pp.501–526. <https://doi.org/10.1080/14623528.2020.1834741> (in English)
- Abylkhozhin Zh.B., Kozybaev M.K., Tatimov M.B. *Kazakhstanskaia tragediia. Questions of history*. 1989. No.7, pp.85–102. (in Russian)
- Administrativno-territorialnoe delenie Soiuza SSR*. Moscow: Publishing House of the People's Commissariat of Internal Affairs. 1930. 80 p. (in Russian)
- Akkuly Z. *The famine of 1932-1933 exterminated 70% of kazakhs, decreasing the population from 7.2 million to 2!* In this collection: "Alash's lessons and independence": *Sbornik materialov regionalnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, oktiabr 2017*. Kostanay. 2017. Pp.40-44. (in English)
- Aldazhumanov K.S. *K istorii goloda 1931-1933 godov v Kazakhstane. Tragediia kazakhskogo ayla, 1928-1934 gg.* Vol.1. Collection of documents. Almaty: Rarity. 2013. 744 p. (in Russian)
- Alekseenko N.V., Alekseenko A.N. *Naselenie Kazakhstana za 100 let (1897-1997 gg.)*. Ust-Kamenogorsk. 1999. 158 p. (in Russian)
- Asylbekov M.Kh. *Sotsialno-demograficheskoe razvitie naseleniia Kazakhstana v 1926-1939 gg.* Almaty: Qazaq universitety. 2016. 146 p. (in Russian)
- Aşarşylyq. Golod. 1928-1934. *A documentary chronicle. Collection of documents*. In 10 volumes. Nur-Sultan: Foliant. 2021. Almaty: Keremet media. 2023. (in Russian)
- Boranbaeva B.S. *Bökei guberniasyndağy 1920-1922 jylardağy aştıyq*. The history of the Fatherland. 2017. Vol.3, no.79, pp.22–28. (in Kazakh)
- Vsesoiuznaia perepis naseleniia 1926 g. Okonchatelnye itogi. Volume XXV. The Kazakh ASSR*. Moscow: Publication of the Central Statistical Office of the USSR. 1928. 162 p. (in Russian)
- Golod v Kazakhstane v nachale 20-kh godov XX veka i ego posledstviia*. Collection of archival documents and materials. Almaty. 2023. 504 p. (in Russian)
- Golod v Kazakhstane 1921-1923 godov. Collection of documents and materials*. In 2 volumes. Almaty: Almaty-Bolashak. 2021. (in Russian)
- Dachschleiger G.F. *Sotsialno-ekonomicheskie preobrazovaniia v aule i derevne Kazakhstana (1921-1929 gg.)*. Alma Ata: Science. 1965. 535 p.

- Wheatcroft D. *Gody goloda. Selskoe khoziaistvo SSSR 1931-1933*. Moscow: ROSSPEN. 2011. 543 p. (in Russian)
- Капаева А.Н. *Prodovolstvennaia politika Sovetskoi vlasti v Kazakhstane v usloviakh «Voennogo kommunizma»*. The history of the Fatherland. 2021. Vol.4, no.96, pp.117–125. (in Russian)
- Kindler R. *Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane*. Moscow: Political Encyclopedia. 2017. 382 p. (in Russian)
- Kozybaeva M.M., Kudaibergenova A.I., Baidaly R.Zh. *Golod 1921-1922 godov v Kazakhstane i ego posledstviia (na osnove materialov Severnogo Kazakhstana)*. The history of the Fatherland. 2021. Vol.4, no.96, pp.149–157. (in Russian)
- Kudaibergenova A.I. *Qazaqstannyñ XX ğasyrdyñ 20-40 jıldardağy demografialyq tarihy*. Almaty: Rainbow. 2023. 320 p. (in Kazakh)
- Mardarovskiy N.I. *Golod v Kirgizii i borba s nedorodom. Orenburg: Kirglavpolitprosvet*. 1922. 28 p. (in Russian)
- Musaev B.A. *Golod v 1921-1922 godakh v Kazakhstane i likvidatsiia ego posledstviia*. Aktobe. 2006. 190 p. (in Russian)
- Naselenie Kazakhstana po Vsesoiuznoi perepisi naseleniia 1939 goda*. In 5 volumes. Vol.1. Almaty: Arys. 2009. 400 p. (in Russian)
- Neishtadt S.A. *Sotsialisticheskoe preobrazovanie ekonomiki Kazakhskoi SSR v 1917-1937 gg.* Almaty: KazGiz. 1957. 378 p. (in Russian)
- Nusupbekov A.N. *Formirovanie i razvitie sovetskogo rabochego klassa v Kazakhstane (1917-1940 gg.)*. Alma-Ata: Science. 1966. 243 p. (in Russian)
- Ohaion I. *Sedentarizatsiia kazakhov SSSR pri Staline. Kollektivizatsiia i sotsialnye izmeneniia (1928-1945 gg.)*. Almaty: Sanat. 2009. 368 p. (in Russian)
- Omarbekov T.O., Koigeldiev M.O. *Tarih tağylymy ne deidi?* Almaty: Native language. 1993. 300 p. (in Kazakh)
- Sbornik statisticheskikh svedenii o dvizhenii naseleniia, skota i urozhae s 1880 po 1922 g.* (Table). Orenburg: 5th State type. Orel polygraphy. 1925. 51 p. (in Russian)
- Selskoe khoziaistvo Kirgizskoi Sovetskoi Sotsialisticheskoi Respubliki v 1923 godu po itogam selskoho khoziaistvennoi perepisi 1923 g. Vyp.1. Zapadnaia Kirgiziia*. Orenburg: Steam type. Gubernatorial Union. 1924. 143 p. (in Russian)
- Smagulova S.O. *Aşarşylyq qasireti*. Almaty. 2019. 272 p. (in Kazakh)
- Smagulova S.O., Sailaubai E.E., Maslov H.B. *Qazaq auylyndağy aştıyq jāne oğan beıımdelu tājiribesı. Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies*. 2023. Vol.145, no.4, pp.160–177. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-160-177> (in Kazakh)
- Smagulova S.O. *Zūlmat jyldar zardaby (1931-1933 jj.)*. Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University. 2024. 253 p. (in Kazakh)
- Spisok naselennykh punktov KSSR (gubernii: Aktiubinskaia, Adaevskii raion, Bukeevskaia, Kustanaiskaia, Orenburgskaia i Turgaiskii raion)*. Orenburg. 1923. 133 p. (in Russian)
- Statistiko-ekonomicheskii obzor Kirgizskoi Sovetskoi Sotsialisticheskoi Respubliki*. Orenburg: The Central Statistical Office of the KSSR. 1923. 182 p. (in Russian)
- Tatimov M.B. *Halyqnama nemese San men Sana: Demograftyñ oi tolğanystary*. Almaty: Writer. 1992. 184 p. (in Kazakh)
- Tolts M. *Repressirovannaia perepis 1937 goda. Homeland*. 1989. No.11, pp.56–61. <https://www.>

researchgate.net/publication/343576848 Date of request: 07.10.2024. (in Russian)

Tragediia kazakhskogo aula. 1928-1934. Collection of documents. Vol.2. Almaty: Rarity. 2018. 744 p. (in Russian)

Tursunbaev A.B. *Kazakhskii aul v trekh revoliutsiiakh*. Alma Ata: Kazakhstan. 1967. 483 p.

Haidarov E.E. *Oral guberniasyndaǵy aptyq (1921-1922)*. The history of the Fatherland. 2021. Vol.4, no.96, pp.157–166. (in Kazakh)

Information about authors

Yernar U. Ustagaliyev – Master of History, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 3rd year doctoral Department of History of Kazakhstan, K. Satpayev str. 2, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3763-861X>, yernar.ustagaliyev@gmail.com

Duman R. Aitmagambetov – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Satpayev str. 2, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-0853-3368>, dumanad@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Ернар Опағалиұлы Ұстағалиев – тарих магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының 3-курс докторанты, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-3763-861X>, yernar.ustagaliyev@gmail.com

Думан Рамазанұлы Айтмағамбетов – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-0853-3368>, dumanad@mail.ru

Сведения об авторах

Ернар Упағалиевич Устағалиев – магистр истории, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, докторант 3 курса кафедры истории Казахстана, ул. К. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-3763-861X>, yernar.ustagaliyev@gmail.com

Думан Рамазанович Айтмағамбетов – кандидат исторических наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-0853-3368>, dumanad@mail.ru

Author Contributions

E. Ustagaliyev – collection of archival and statistical materials for the article; compilation of the bibliography; writing and formatting the article in accordance with the journal's technical requirements; making changes and additions in line with the research goals and objectives; editing and translation. D.R. Aitmagambetov – formulation of the research hypothesis; preparation and development of the manuscript: critical analysis of the manuscript draft, providing comments and corrections at pre- and post-publication stages, supervision and mentorship during the planning and implementation of the research.

Авторлардың қосқан үлесі

Е. Устағалиев – мақалаға қажетті архивтік және статистикалық материалдарды жинау; библиографияны құрастыру; мақаланы журналдың техникалық талаптарына сәйкес жазу және рәсімдеу; зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

редакциялау және аударма жасау. Д.Р. Айтмағамбетов – зерттеу гипотезасын тұжырымдау; қолжазбаны дайындау және әзірлеу: қолжазба жобасына сыни талдау жасау, жариялауға дейінгі және кейінгі кезеңдерде ескертулер мен түзетулер енгізу, зерттеуді жоспарлау және жүзеге асыру барысында жетекшілік пен тәлімгерлік көрсету.

Вклад авторов

Е. Устағалиев – сбор архивных и статистических материалов для написания статьи; составление библиографии; написание и оформление статьи в соответствии с техническими требованиями журнала; внесение изменений и дополнений в соответствии с целями и задачами исследования; редактирование и перевод. Д.Р. Айтмағамбетов – формулировка гипотезы исследования; подготовка и разработка рукописи: критический анализ проекта рукописи, внесение замечаний и исправлений на этапах до и после публикации, руководство и наставничество в процессе планирования и проведения исследования.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / **Disclosure of conflict-of-interest information.** The author claims no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 09.12.2024

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 12.03.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.04.2025